

Аягөз ауданы бойынша пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге жер салығының базалық мөлшерлемелерін және бірыңғай жер салығының мөлшерлемелерін жоғарылату туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Аягөз аудандық мәслихатының 2016 жылғы 19 қазандағы № 6/51-VI шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 31 қазанда № 4718 болып тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Аягөз аудандық мәслихатының 2018 жылғы 27 наурыздағы № 21/153-VI шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Аягөз аудандық мәслихатының 27.03.2018 № 21/153-VI шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы кодексінің (Салық кодексі) 386-бабының 5-тармағына, 444-бабының 1-тармағына және "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабына сәйкес Аягөз аудандық мәслихаты **ШЕШТІ**:

1. Аягөз ауданы бойынша Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге Қазақстан Республикасы Салық кодексінің 378-бабында белгіленген жер салығының базалық мөлшерлемелері және Қазақстан Республикасы Салық кодексінің 444-бабында белгіленген бірыңғай жер салығының мөлшерлемелері он есеге жоғарылатылсын.

2. Осы шешім алғашқы ресми жариялаған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

Аягөз аудандық

мәслихат хатшысының

міндетін атқарушы

Б. Кусагов

А. Шакиров

